# Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** МяоМяоЦэ Тэкнолоджи (Бэйцзин) Ко., Лтд.№ 21319, БҚ. 37, ул. № 11, Хэпинли Дунцзе, р-н Дунчэн, Пекин қ., Қытай.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:** ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарка, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:** «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Оны сақтап қойыңыз – ол сізге келешекте қажетё болып қалуы мүмкін.

## Аспапқа шолу

Алдыңғы панель




**Ескертпе:** Бауға арналған тесіктерді пайдалану үшін, алдымен сезгектің артқы қақпағын

**Ескертпе:** Бауға арналған тесіктерді пайдалану үшін, алдымен сезгектің артқы қақпағын шешіп алыңыз.

Артқы панель




**Ескертпе:** Сезгекті орнату немесе пайдалану кезінде, желдеткіш саңылауларды жаппаңыз.

Аксессуар




## Орнату

Батареяны орнату



Сезгектің қақпағын шешіп алып, CB2032 батареясын оң (+) жағын жоғары қаратып қойыңыз, содан кейін қақпақты орнына қойыңыз.

**Ескертпе:** Батарея жинаққа кірмейді және бөлек сатылады.

Сіз өзіңіздің ұяшығыңызды келесі жолдармен пайдалана және орната аласыз:

a. Тікелей жиһаздың өзінде: сезгекті үстел, кітап сөресі сияқты жиһаздың бетіне қойыңыз.

b. Жабысқақ жапсырманы қолдана отырып: жабысқақ жапсырманың бір жағындағы алынбалы тығыздағышты шешіп алып, оны сезгектің артқы жағына желімдеңіз, содан кейін екінші жағынан қорғаныш тығыздағышты шешіп алып, қабырғаға қажет жерге жапсырыңыз.



c. Ілу: Сезгектің артқы қақпағын шешіп алып, баудың
ілмегін тесік арқылы және ілгекті айнала өткізіңіз. Артқы қақпағын орнына қойып, сезгекті іліңіз.

**Ескертпе:** Бау жинаққа кірмейді және бөлек сатылады.



## Дисплейдің сипаты




Жайлылық деңгейінің сипаттамасы

| Ылғалдылық \ Температура | 19°C -тан төмен | 19°C пен 27°C аралығында | 27°C жоғары |
|---|---|---|---|
| 20% -дан аз | ( -‸- ) | ( -‸- ) | ( -‸- ) |
| 20% -дан 85% -ға дейін | ( -‸- ) | ( ^_^ ) | ( -‸- ) |
| 85% -дан астам | ( -‸- ) | ( -‸- ) | ( -‸- ) |

Батареяның төмен заряды туралы хабарлау

Батарея заряды таусылған кезде, дисплейде осы белгіше пайда болады.
Өтінеміз, батареяны ауыстырыңыз.

Батареяның төмен заряд белгісі

## Интеллектуалдық қосылыс

Mi Home/Xiaomi Home қосымшасына қосылыңыз

Өнім Mi Home/Xiaomi Home-мен жұмыс істейді*. Өз құрылғыңызды басқарыңыз және осы қосымшадағы басқа үй құрылғыларымен бірге пайдаланыңыз.

Қосымшаны жүктеу және орнату үшін, QR-кодын сканерлеңіз. Егер қосымша орнатылған болса, сіз қосылу теңшеулері парақшасына бағытталасыз. Немесе қосымшаны жүктеу және орнату үшін, App Store дүкенінен «Mi Home/Xiaomi Home» сұранысы бойынша іздеңіз.

Mi Home/Xiaomi Home қосымшасын ашыңыз, жоғарғы оң жақ бұрыштағы «+» басып, құрылғыны қосу бойынша нұсқауларды орындаңыз.

* Еуропада қосымша «Xiaomi Home» деп аталады (Ресейден басқа). Сіздің құрылғыңызда көрсетілген қосымша атауы әдепкі бойынша қабылдануы керек.

**Ескертпе:** Қосымша нұсқасы жаңа. Қосымшаның жаңа нұсқасына арналған нұсқауларға сүйеніңіз.

Басқа құрылғыларға қосу

Температура мен ылғалдылық сезбегі Mi Home/Xiaomi Home қосымшасына қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Монитордың пайдаланушы интерфейсінің жоғарғы оң жақ бұрышындағы «⋮» батырмасын басыңыз, содан кейін басқа интеллектуалды құрылғыларға қосылу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.




**Ескертпе:** Сезгек «Mi Bluetooth шлюзі» функциясын қолдайтын құрылғыларға ғана қосыла алады. Толығырақ ақпарат алу үшін, тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

## Күнделікті күтім мен техникалық қызмет көрсету бойынша ұсыныстар

Зауыттық теңшеулерді қалпына келтіру

Сезгек қалыпты жұмыс істеп тұрған кезде, артқы қақпақты шешіп алып, 5-8 секунд екі түйіспе нүктесін қосу үшін өткізгіш материалды қолданыңыз. Сезгекті қайта жүктегеннен кейін зауыттық теңшеулер қалпына келтіріліп, бұрынғы сақталған деректер жойылады.



Тазалау және техникалық қызмет көрсету

- Өтінеміз, сезгекті тазалау кезінде оған су тигізіп алмаңыз.
- Егер сезгектің беті кір болса, оны аз мөлшерде бейтарап жуғыш затпен таза, дымқыл жұмсақ шүберекпен сүртуге болады.

## Қауіпсіздік шаралары

1. Желдету саңылауларын сұйықтыққа батырмаңыз.
2. Қабырғаға немесе сезгекке зақым келтірмеу үшін, қабырғаға жабысқақ жапсырмамен бекітілген сезгекті күш қолданып шешпеңіз.
3. Бұл сезгек температурасы 0°C-ден төмен ортада қолдануға жарамайды. Өтінеміз, оны жоғары температурада немесе жоғары ылғалдылықта қатал жағдайларда ұстамаңыз
4. Бұл сезгек салауатты өмір салтын қамтамасыз етуге арналған, оны өлшеу құралы ретінде пайдаланбаңыз қамтамасыз етуге арналған, оны өлшеу құралы ретінде пайдаланбаңыз.

## Техникалық сипаттамалары

Атауы: Mi 2 температура мен ылғалдылық сезгегі
Үлгісі: LYWSD03MMC

Материалы: ABS және PMMA

Өлшемдері: 43 x 43 x 12,5 мм

Таза салмағы: 18 г

Жұмыс кернеуі: DC 2,5-3 В

Батарея түрі: CR2032 (жиынтыққа кірмейді)

Сымсыз қосылу:

Bluetooth 4.2 Bluetooth Low Energy

Жиілік диапазондары: 2402 МГц-2480 МГц

Максималды шығыс қуаты: 4,16 дБм

Температуралық диапазон: 0 °C-ден 60 °C-ге дейін

Температура дәлдігі: ± 0,1 °C.

Ылғалдылықты өлшеу диапазоны:

0-99% салыстырмалы ылғалдылық

Ылғалдылық дәлдігі: ± 1% салыстырмалы ылғалдылық

Қолданылу саласы: тұрмыстық.

**Ескертпе.** Пайдаланушы нұсқаулығындағы бұйымның, толымдауыштардың және пайдаланушы интерфейсінің суреттері тек ақпараттық мақсатта келтірілген. Аспаптың нақты сипаттамалары мен оның фунциялары өнімнің жақсартылуына байланысты ерекше болуы мүмкін фунциялары өнімнің жақсартылуына байланысты ерекше болуы мүмкін

Осы арқылы MiaoMiaoCe Technology (Beijing) Co., Ltd. компаниясы мынаны мәлімдейді: LYWSD03MMC радиожабдығы түрі 2014/53/EU директивасы талаптарына сәйкес келеді. ЕО нормативтік талаптарына сәйкестігі туралы декларацияның толық мәтіні мына мекенжай бойынша қолжетімді:
www.mi.com
http://www.mi.com/global/ser-vice/support/declaration.html

Өңделген электр және электрондық жабдықты бөлек жинау символымен белгіленген барлық бұйым (WEEE, 2012/19/EU директива) сұрыпталмайтын тұрмыстық қалдықтардан бөлек кәдеге жаратылуы тиіс Денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау мақсатында, мұндай жабдықты үкімет немесе жергілікті билік органдары айқындаған электр және электрондық жабдықты қабылдаудың арнайы пункттеріне өңдеуге тапсыру қажет. Дұрыс кәдеге жарату және өңдеу қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал жағымсыз салдардың алдын алуға көмектеседі. Мұндай жинау пункттері қайда орналасқанын және олар қалай жұмыс істейтінін білу үшін, жабдықты орнатумен айналысатын компанияға немесе жергілікті билік органдарына хабарласыңыз.

Нұсқасы: V1.0